

ТЕРАПИЯЛЫҚ МАҚСАТТА ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қаңтар 2015 ж.

БІРІНШІ БӨЛІМ: КІРІСПЕ

1.0. Кіріспе және қолдану аясы.

Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің терапиялық мақсатта қолданудың Халықаралық стандарты (ТҚХС) - Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламаның аясында жасалған міндетті Халықаралық стандарт. Қазақстан Допингке қарсы ұлттық орталығы (ҚазДҚҰО) терапиялық мақсатта қолданудың Халықаралық стандартының барлық ережелері мен ұсыныстарын қатаң сақтайды.

2.0 Негізгі ережелер мен анықтамалар

2.1. Терапиялық мақсатта қолдануға (ТҚ) рұқсат

2.1.1. Терапиялық мақсатта қолданудың Халықаралық стандарты негізінде берілген терапиялық қолдануға рұқсатқа сәйкес келетін Тыйым салынған субстанцияның немесе оның Метаболиттерінің немесе Маркерлерінің болуы, Тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті Қолдану немесе Қолдануға әрекет ету, Тыйым салынған заттарды немесе Тыйым салынған әдістерді иелену, немесе Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті тағайындауды допингке қарсы ережені бұзу деп қарастыруға болмайды.

2.1.2. Халықаралық дәрежесі жоқ спортшылар ТҚ үшін ҚазДҚҰО-на өтініш беруі керек. Егер ҚазДҚҰО ТҚ беруден бас тартса, спортшы Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің (ДДҚК) 13.2.2 және 13.2.3 баптарында қарастырылған ұлттық деңгейдегі апелляциялық органға ғана шағымдануға құқылы.

2.1.3. Халықаралық деңгейдегі спортшы өз Халықаралық федерациясына сұраным беруі тиіс.

2.1.3.1 Егер спортшының тиісті субстанция немесе әдісті терапиялық қолдануға ҚазДҚҰО берген рұқсаты болса және ТҚ Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартында белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, онда оны Халықаралық федерация мойындауы керек.

Егер Халықаралық федерация ТҚ Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартының критерийлеріне сәйкес келмейді деп санаса және оны мойындаудан бас тартса, Халықаралық федерация бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, бұл жөнінде Спортшыға және ҚазДҚҰО-на дереу хабарлауы тиіс. Бұл жағдайда спортшы немесе ҚазДҚҰО істі хабарлама жіберілген күннен бастап 21 күн ішінде ДДҚА қарауына жібере алады. Егер іс ДДҚА қарауына жіберілсе, ҚазДҚҰО берген ТҚ ДДҚА шешім қабылдағанға дейін ұлттық деңгейде (бірақ халықаралық дәрежедегі Жарыстарға жарамсыз) Жарыс кезіндегі және Жарыстан тыс Тестілеу тестілеу үшін жарамды бола тұрады. Егер іс ДДҚА қарауына жіберілмеген болса, Терапиялық қолдану ТҚ-ды

қарауға ұсынылатын 21 күндік мерзім өткен соң кез- келген мақсат үшін жарамсыз болады.

2.1.3.2. Егер спортшының тиісті субстанцияға немесе әдіске қатысты ҚазДҚҰО берген ТҚ-ға рұқсаты болмаса, қажеттілік туындай қалған жағдайда Спортшы өз Халықаралық Федерациясына тікелей сұраным жіберуі қажет. Егер Халықаралық федерация (немесе ҚазДҚҰО Халықаралық федерация атынан сұранымды қарауға келіскен жағдайда) Спортшы сұранымын қабылдаса, ол бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, спортшыны дереу хабардар етуге міндетті. Егер Халықаралық федерация спортшыға ТҚ-ға рұқсат берсе, онда ол бұл жөнінде тек спортшыны ғана емес, сонымен қатар ҚазДҚҰО-н да хабардар етуі тиіс, және егер ҚазДҚҰО ТҚ Терапевтік қолданудың Халықаралық стандартында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейді деп санаса, онда бұл істі хабарлама жіберілген күннен бастап 21 күн ішінде ДДҚА қарауына жіберуге құқылы. Егер ҚазДҚҰО істі ДДҚА қарауына жіберсе, Халықаралық Федерация берген ТҚ ДДҚА шешім қабылдағанға дейін Халықаралық деңгейдегі жарыстар мен Жарыстан тыс Тестілеу үшін (бірақ ұлттық дәрежедегі Жарыстарға жарамсыз) жарамды болып қала береді. Егер ҚазДҚҰО істі ДДҚА қарауына жібермесе, Халықаралық федерация берген терапиялық қолдануға берген рұқсат ТҚ-ға сұраным беру керек 21 күндік мерзім өткеннен кейін ұлттық деңгейдегі жарыстар үшін де жарамды болады.

2.1.3-бабына ескертпе. *Егер Халықаралық Федерация ҚазДҚҰО берген ТҚ-ды мойындаудан бас тартса, Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартында белгіленген критерийлерге жауап беретін медициналық құжаттар немесе басқа ақпарат жеткіліксіз себебімен іс ДДҚА-ке жіберілмеуі тиіс. Керісінше, құжаттар пакеті толықтырылып, Халықаралық федерация қарауына қайта жіберілуі керек. Егер Халықаралық федерация Тестілеу үшін халықаралық деңгейде өнер көрсетпейтін спортшыны таңдаған болса, онда ол ҚазДҚҰО-ның осындай Спортшыға берген ТҚ-н мойындауы тиіс. .*

2.1.4. Ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушы Спортшылардан, егер олар Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті Спорттық іс-шараға қатысты қолданғысы келсе, ТҚ –ға сұраным беруін талап етуі мүмкін. Бұл жағдайда

2.1.4.1. Ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушы спортшы ТҚ-ға сұраным жібере алмайтын жағдайда оны осы процеспен қамтамасыз етуі керек. ТҚ берілген жағдайда бұл ол осы Спорттық шарада ғана жарамды.

2.1.4.2. Егер спортшыда ҚазДҚҰО немесе Халықаралық федерация берген ТҚ бар болса, және ол терапиялық қолданудың Халықаралық стандартында белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, ірі Спорттық шараны ұйымдастырушы мұндай ТҚ-ды мойындауы керек. Егер ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушы ТҚ осы критерийлерге сәйкес келмейді деп санаса және оны мойындаудан бас

тартса, ол бұл жөнінде спортшыға тез арада бас тарту себептерін түсіндіре отырып, хабарлауы тиіс. .

2.1.4.3. Ірі спорттық іс-шараны Ұйымдастырушының ТҚ-ды мойындау немесе мойындамау туралы шешімі жөнінде спортшы тек ірі спорттық іс-шараны Ұйымдастырушы құрған немесе осындай мақсаттарға арнаған тәуелсіз органға шағымдана алады. Егер Спортшы шағымданбаса (немесе шағым жөніндегі іс оның пайдасына шешілмесе), ол Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті Спорттық іс-шараға қатысты пайдалана алмайды, алайда, допингке қарсы Ұлттық ұйым немесе Халықаралық федерация осы субстанция немесе әдіске берген кез-келген ТҚ Спорттық іс-шараның шеңберінен тыс жерде жарамды болып қала береді.

2.1.4.3- бабына ескертпе. Мысалы, *Ad Hoc CAS* бөлімшесі немесе соған ұқсас орган жекелеген Спорттық іс-шаралар үшін тәуелсіз апелляциялық саты ретінде әрекет етуі мүмкін, немесе ДДҚА мұндай қызметті атқаруға келісім беруі мүмкін. *Егер CAS немесе ДДҚА бұл қызметті атқармаса, ДДҚА Допингке қарсы Кодекстің 4.4.6-бабына сәйкес кез-келген уақытта Спорттық іс-шараға қатысты ТҚ жөніндегі шешімдерді қайта қарау құқығын (бірақ міндеттеме емес) өзінде қалдырады.*

2.1.5. Егер Допингке қарсы ұйым Тестілеу үшін Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті терапиялық мақсаттарда пайдаланатын халықаралық немесе ұлттық деңгейде өнер көрсетпейтін спортшыны таңдаған болса, Допингке қарсы ұйым оған ретроактивті ТҚ –ға сұраным беруге рұқсат етуі мүмкін.

2.1.6. ДДҚА өзіне Спортшы немесе Қаз ДҚҰО ұсынған Халықаралық федерацияның ҚазДҚҰО берген ТҚ-ды мойындамау туралы шешімін қайта қарауы тиіс. Сонымен қатар, ДДҚА Халықаралық федерацияның ҚазДҚҰО жіберген ТҚ беру туралы шешімін қайта қарауы керек. ДДҚА ТҚ жөніндегі кез-келген басқа да шешімдерін кез-келген уақытта мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қайта қарай алады. Егер ТҚ рұқсат беру туралы шешім терапиялық қолданудың Халықаралық стандартында белгіленген барлық критерийлерге сәйкес келсе, ДДҚА оны өзгертпейді. Егер шешім көрсетілген критерийлерге сәйкес келмесе, ДДҚА оны кері қайтарып алады.

2.1.6- бабына ескертпе. *ДДҚА мынадай шығындарды төлеуді белгілеуге құқылы:*

а) ДДҚ Кодекстің 4.4- бабына сәйкес сұралған қайта қарау бойынша. б) жүзеге асырылған және шешімі қайтарылған кез келген қайта қарау бойынша. 4 4.4.7. Халықаралық федерацияның (немесе Халықаралық федерация атынан сұранымы қарауға келіскен ҚазДҚҰО) ДДҚА қайта қарамаған немесе ДДҚА қайта қараған, бірақ оны қайта қарау нәтижесінде жойылмаған, спортшы және

(немесе) ҚазДҚҰО тек CAS-қа шағымдана алатын, ТҚ жөніндегі кез –келген шешімі.

ЕКІНШІ БӨЛІМ: СТАНДАРТТАР МЕН ТЕРАПИЯЛЫҚ МАҚСАТТА ҚОЛДАНУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ПРОЦЕСІ

3.0 Терапиялық қолдануға рұқсат алу

3.1 Егер спортшы келесі шарттардың әрқайсысының орындалғанын көрсетсе (және тек сол жағдайда ғана) ТҚ-ға рұқсат беруге болады:

а) Тыйым салынған субстанция немесе Тыйым салынған әдіс жедел немесе созылмалы ауруды емдеу үшін қажет, және бұл Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті қолданбау спортшы денсаулығының айтарлықтай нашарлауына әкеп соғады.

б) Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті терапиялық қолдану жедел немесе созылмалы ауруды емдегеннен кейін, Спортшының денсаулығындағы күтілетін жақсарудан басқа, спорттық көрсеткіштердің қосымша жақсаруына әкелуі екіталай.

в) Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті қолданудың дұрыс терапевтік баламасының болмауы.

г) Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті қолдану қажеттілігі, бұрын тыйым салынған субстанция немесе әдісті қолданудың (ТҚ-сыз) толық немесе ішінара салдары болып табылмайды.

3.2 Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті терапиялық себептер бойынша қолдану қажет болған Спортшы аталған субстанцияны немесе әдісті қолданбас бұрын немесе ие болмас бұрын ТҚ-ға рұқсат алуға тиіс, оған 4.3-бапта көрсетілген ерекшеліктер кірмеуі тиіс.

3.3. Спортшыға ретроактивті ТҚ беруге болады, осылайша келесі жағдайларда Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті терапиялық қолдануға рұқсат етіледі:

а) жедел медициналық көмек көрсету кезінде немесе денсаулығының күрт нашарлауы кезінде; немесе

б) егер ерекше жағдайларға байланысты, Спортшының сұраным жіберуге және Терапиялық қолдану жөніндегі комитеттің (ТҚК) сынама тапсырғанға дейін сұранымды қарауға жеткілікті уақыты немесе мүмкіндігі болмаса; немесе

в) қолданылған ережелер Спортшыдан (3.1-баптың ескертпесін қараңыз) ретроактивті ТҚ-ға сұраным беруді талап етеді (3.1-баптың ескертпесін қараңыз) немесе оған рұқсат береді (ДДҚК 4.4.5-бабын қараңыз); немесе

3.3(в)- ескертпе. Осы спортшыларға ДДҚК-тің 4.1-бабында қарастырылған ТҚ беру шарттарына сәйкестігін растайтын медициналық құжаттардың

толық жиынтығы болу керектігі баса айтылады, егер сынама тапсырғаннан кейін ретроактивті ТҚ жөнінде сұраным беру қажеттілігі туындаған болса.

д) ДДҚА немесе сұраным түскен немесе түсетін допингке қарсы ұйым әділеттілік қағидасы ретроактивті ТҚ-ға рұқсат беруді талап ететінімен келісті.

4.0 ТҚ-ға сұраным беру процесі

4.1 ТҚ-ға мұқтаж спортшы неғұрлым аз уақыт ішінде сұраным жіберуі керек. Тек жарыс кезеңінде ғана тыйым салынған субстанцияларды қолдануға рұқсат алу үшін, егер төтенше немесе ерекше жағдай болмаса, спортшы жарысқа кемінде 30 күн қалғанда сұраным жіберуі тиіс. Сұраным ҚазДҚҰО-қа, Халықаралық федерацияға және (немесе) ірі спорттық іс-шараның Ұйымдастырушысына (жағдайға байланысты) ТҚ-ға сұраным берудің белгіленген нысанын қолдана отырып берілуі керек. Спортшылар қолдануға тиіс ТҚ-ға сұраным беру нысанын ҚазДҚҰО сайтынан жүктеп алуға болады.

4.2 Спортшы ТҚ-ға сұранымді ҚазДҚҰО-қа АДАМС жүйесі арқылы беруі немесе antidopingkaz@mail.ru мекен-жайы бойынша, пошта арқылы жіберуі немесе жеке өзі әкеліп беруі керек.

Нысанда мыналар болуы тиіс:

а) спортшыға Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті терапиялық мақсаттар үшін қолдану қажет екендігін куәландыратын тиісті біліктілігі бар дәрігердің өтініші; және

б) аурудың егжей-тегжейлі медициналық тарихы, оның ішінде алғаш диагноз қойған дәрігер берген құжаттар (мұндай мүмкін болған жағдайда) және зертханалық және клиникалық зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ осы сұранымға қатысы бар кескіндемелік зерттеулер.

4.3 Спортшы ТҚ –ға сұранымның және ТҚ-ға сұраным беру үшін өзі ұсынған барлық құжаттар мен материалдардың көшірмелерін сақтауы тиіс.

4.4 ТҚ-ға сұранымды ТҚК дұрыс толтырылған сұранымды және басқа тиісті құжаттарды алғаннан кейін ғана қарастырады. Толық толтырылмаған сұраным спортшыға толтырып, қайтадан жіберу үшін қайтарылады.

4.5 ТҚК Спортшыдан немесе оның дәрігерінен спортшының сұранымін қарау үшін қажет деп санайтын қосымша ақпаратты, талдауды, кескіндемелік зерттеулерді және басқа ақпаратты сұрай алады; және (немесе) қажет деп тапса, басқа медициналық немесе ғылыми сарапшылардан көмек сұрауы мүмкін.

4.6 ТҚ-ға сұраным беру және ТҚК-нің талабы бойынша қосымша материалдарды ұсыну кезіндегі кез-келген шығынды спортшы өзі көтереді.

4.7 ТҚК ТП-ға рұқсат беру немесе бермеу туралы шешімді мүмкіндігінше аз уақыт ішінде қабылдайды, әдетте (тек ерекше жағдайлар туындамаса) шешім толық рәсімделген сұраным түскен күннен бастап 21 күн ішінде қабылданады.

ТҚ-ға сұраным Спорттық іс-шара басталғанға дейін жеткілікті уақытта түссе, ТҚК Спорттық іс-шара басталмай тұрып шешім қабылдауға бар күшін салады.

4.8 ТҚК шешімі спортшыға жазбаша түрде жеткізіледі және ол ДДҚА және басқа допингке қарсы ұйымдар үшін АДАМС жүйесі немесе 5.4-бапқа сәйкес ДДҚА бекіткен басқа жүйе арқылы қол жетімді болуы керек.

а) ТҚ беру туралы шешімде міндетті түрде ТҚК рұқсат берген Тыйым салынған субстанцияның немесе Тыйым салынған әдістің мөлшері (мөлшерлері), қабылдау жиілігі, енгізілу жолы және қабылдау ұзақтығы, клиникалық жағдайлары, сондай-ақ ТП берілуіне байланысты кез-келген жағдайлар көрсетілуі керек.

б) ТП-ға рұқсат бермеу туралы шешімде берілмеу себебіне түсініктеме болу керек.

4.9 Әрбір ТҚ-дың ТҚК шешімінде қатаң түрде белгіленген қолданылу мерзімі бар, бұл мерзім аяқталғанда ТҚ күшін жояды. Егер спортшыға ТҚ мерзімі аяқталғаннан кейін Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті қолдануды жалғастыру қажет болса, ол алдыңғы ТҚ мерзімі аяқталғанға дейін ТҚ-ға жаңа сұраным беруі керек, бұл жағдайда ТҚК үшін алдыңғы ТҚ күшін жойғанға дейін шешім қабылдауға уақыт жеткілікті болуы тиіс. .

4.10 Егер спортшы аталмыш ТҚ-ды берген Допингке қарсы ұйымның белгілеген талаптары немесе шарттарын орындамаса, ТҚ мерзімі аяқталмастан күшін жоя алады. ДДҚА қарауынан немесе апелляциядан кейін ТҚ өзгертілуі мүмкін.

4.11 Егер анықталған Тыйым салынған субстанцияға берілген ТҚ-ға рұқсат жойылғаннан немесе аяқталғаннан кейін көп ұзамай жағымсыз талдау қорытындысы жарияланса, ҚазДҚҰО тыйым салынған субстанцияның болу фактісінің ашылуы осы субстанцияны оған берілген мерзім аяқталғанға дейін, рұқсат кері қайтарылғанға дейін немесе қайта қаралғанға дейінгі қолданудың нәтижесі болып табылатындығын анықтау үшін жағымсыз нәтижеге алдын –ала тексеру жұмыстарын (Кодекстің 7.2-бабы) жүргізеді. Жауап оң болған жағдайда мұндай қолдану (және, сәйкесінше, спортшының сынамасында Тыйым салынған субстанцияның болуы) допингке қарсы ережелерді бұзу болып табылмайды.

4.12 Егер спортшы ТҚ алғаннан кейін оған Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті қолданудың мөлшерін, жиілігін, енгізу жолын немесе қабылдау ұзақтығын айтарлықтай өзгерту қажеттілі туа қалған жағдайда ол ТҚ-ға жаңа сұраным беруі тиіс. Егер Тыйым салынған субстанцияның немесе Тыйым салынған әдістің болуы, қолданылуы, оны иелену немесе тағайындалуы берілген ТҚ шарттарына сәйкес келмесе, спортшыда ТҚ болу фактісі бұл әрекеттерді допингке қарсы ережелерді бұзу ретінде қарастыруға кедергі бола алмайды.

5.0 ТҚ-ды мойындау процесі

5.1 ДДҚК 4.4-бабы Допингке қарсы ұйымдардан 4.1-баптың талаптарына жауап бере алатын басқа да Допингке қарсы ұйымдар берген ТҚ-ды мойындауды талап етеді. Тиісінше, егер Халықаралық федерацияның немесе ірі спорттық шараның ұйымдастырушысының талаптары қолданылатын спортшыда ТҚ бұрыннан болған болса, онда ол Халықаралық федерациядан немесе ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушыдан жаңа ТҚ-ға сұрауға міндетті емес. Оның орнына:

а) Халықаралық федерация немесе ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушы ДДҚА -тің 4.4-бабына сәйкес қабылданған ТҚ-ды автоматты түрде мойындау туралы хабарламаны жариялай алады (немесе осындай шешімдердің жекелеген санаттары, мысалы, кейбір Допингке қарсы ұйымдар қабылдаған немесе кейбір тыйым салынған заттарға қатысты), егер мұндай шешімдер туралы хабарлама ДДҚК-тің 5.4-бабына сәйкес жасалса және сәйкесінше ДДҚА қарауы үшін қол жетімді болса. Егер Спортшының ТҚ-ы берілген кезде жоғарыда көрсетілгендей автоматты түрде танылатын санатқа жатса, оған одан әрі ешқандай әрекет жасау қажет емес.

5.1 (а)-бабына ескертпе. Спортшыға артылатын жүктетені азайту үшін ТҚ-ды автоматты түрде мойындау баса көңіл аударыла ұсынылады, бұл ТҚ туралы хабарлама ДДҚК-тің 5.4-бабына сәйкес жіберіледі. Егер халықаралық федерация немесе ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушы барлық ТҚ-ды автоматты түрде мойындағысы келмесе, онда олар автоматты түрде қанша ТҚ-ды мойындау мүмкін болса, соншасын мойындауы керек, мысалы, ТҚ жөніндегі шешімдері автоматты түрде мойындауға жататын Допингке қарсы ұйымдардың және / немесе ТҚ автоматты түрде мойындалатын Тыйым салынған субстанциялардың тізімін жариялау арқылы. Бұл жарияланымдар ДДҚК-тің 5.3-бабының талаптарына сәйкес келуі керек, дәлірек айтсақ, олар Халықаралық федерацияның сайтында беріліп, ДДҚА және Допингке қарсы Ұлттық ұйымдарға жіберілуі тиіс.

б. Автоматты түрде мойындалмайтын жағдайда, спортшы ТҚ-ды мойындау жөніндегі сұранымды тиісті Халықаралық федерацияға немесе ірі спорттық іс-шараның ұйымдастырушысына АДАМС жүйесі арқылы немесе Халықаралық федерация немесе ірі спорттық іс-шараның ұйымдастырушысы белгілеген басқа тәсілмен жіберуі керек. Сұранымда ТҚ-дың көшірмесі, бастапқы сұраным нысаны және ДДҚК -тің 6.1 және 6.2-баптарында көрсетілген медициналық құжаттар қоса берілуі керек (егер ТҚ-ды берген ҚазДҚҰО өзі АДАМС-қа немесе ДДҚА ДДҚК-тің 5.4-бабына сәйкес мақұлдаған басқа да жүйеге ТҚ-ды және соған қатысты медициналық ақпаратты бұған дейін кіргізіп қойған жағдайда қажет емес).

5.2 Толық толтырылмаған ТҚ-ды мойындау жөніндегі сұранымдер Спортшыға толықтырылып, қайта жіберу үшін қайтарылады. Сондай-ақ, ТҚК Спортшыдан

немесе оның дәрігерінен спортшының сұранымын қарау үшін қажет деп санайтын қосымша ақпаратты, талдауды, кескіндемелік зерттеулерді және басқа ақпаратты сұрай алады; және (немесе) қажет деп тапса, басқа медициналық немесе ғылыми сарапшылардан көмек сұрауы мүмкін.

5.3 ТҚ-ға сұраным беру және ТҚК-нің талабы бойынша қосымша материалдарды ұсыну кезіндегі кез-келген шығынды спортшы өзі көтереді.

5.4 ТҚК ТҚ-ға рұқсат беру немесе бермеу туралы шешімді мүмкіндігінше аз уақыт ішінде қабылдайды, әдетте (тек ерекше жағдайлар туындамаса) шешім толық рәсімделген сұраным түскен күннен бастап 21 күн ішінде қабылданады.

5.5 ТҚК шешімі Спортшыға жазбаша түрде жеткізіледі және ол ДДҚА және басқа допингке қарсы ұйымдар үшін АДАМС жүйесі немесе 5.4-бапқа сәйкес ДДҚА бекіткен басқа жүйе арқылы қол жетімді болуы керек.

ТҚ-ға рұқсат бермеу туралы шешімде берілмеу себебіне түсініктеме болу керек.